




АРҚАНЫН АЛТЫН АДАМЫ

Арман БЕЙСЕНОВ





Соңғы 2 жылдың жаз айында археологиялық зерттеуден өткен Қарқаралы жеріндегі Талды-2 (б.з.д. 7-6 ғғ.) қорымының жұртшылықты елең еткізген жаңалығы оқырманға мәлім. Бұл - осындағы бірінен соң бірі танымал болған 2 обадан табылған сирек кездесетін ғылыми олжа. Атап айтқанда, мұндағы №5, №2 қорғандардан (обалардан) табылған 200 жуық көрнекті алтын бұйым, оған қоса киімге тігілетін мыңдаған ұсақ әшекей - 1800-ден астам алтын қабыршақ, 20 000-нан астам түйіршік-жапсырмалар.

Талды жерінен ашылған бұл үлкен жаңалық - ең алдымен іргелі ғылымның еншісі, оның ішінде Қазақ сахарасын көнеден мекен еткен ғажайып сақ өркениетін зерделеуге айрықша үн қосатын

соны археологиялық мағлұмат. Сонымен қатар, бұл - көне мәдениет пен өнер саласынан қомақты жаңа тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін деректер тобы.

Талды өзені Кент тауларының бауырымен ағады. «Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін, Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін» деген екен Ер Мәди. Оның алдында Нұралы батыр мен Бөкей хан Барақұлы, аға сұлтандар Құнанбай, Құсбек пен ақын Шөже, ел жақсылары Ақбай мен Қызылбай Жандеркіндер желдіртіп өткен екен Талдыдан. Одан соң, дәл осы жерден кірешілерге ілесіп Семейге аттанған екен Қасым Аманжолов.

Осы Талдымыз қандай жер?

Талды - география мамандары «шағын далалық өзендер» деп атақ беретін кішігірім қазақи «сулардың» бірі. Жасыл желекті, қызыл-қожыр тасты сұлу Кенттің Ақбай-Қызылбай, Белдеутас ауылдары маңындағы жықпыл-жықпылдарынан келетін шағын сулар Қ.Аманжолов ауылына тақау тұста біріне бірі қосылып «бір жеңнен қол шығарады» да, көктемде әжептәуір-ақ дүрілдеп таситын өзенге айналатын. Талдымыз осы. Оның жоғарғы ағысы биік таулар арасынан басталса, ортаңғы, төменгі ағыстары таулар алыстау орналасқан кең алқапты келеді. Шөп мұнда - пішен. Малды өлке болуымен қатар, мұнда, әсіресе, өзеннің орта ағысында, астықты жерлер де бар. Бірер ғана дәлел келтірсек, «Бүркітті» ауылының орталық ұжымының өзі ғана (көптеген «балапан» фермерлерді айтпағанда) жылына 10 мың га шамасында қатты бидай егеді, іргедегі «Балқантау» да астық бойынша оны өкшелеп отырады. Мұнда аң да, құс та баршылық. Арқаның кербез тауларының жер мен көктегі патшалары маңғаз арқар мен тәкашпар бүркіт өз алдына. Кент таулары Қарқаралы Мемлекеттік ұлттық паркінің аса ірі бір бөлігі болып табылады.

Кент, Талды бойы - археологиялық тұрғыдан айрықша өлкелер. Қ.Аманжолов ауылы маңындағы Қарағаш қорымынан б.з.д. III-мыңжылдықтың соңғы сатысына сай келетін, яғни энеолит пен қола дәуірлерінің арасын алып жатқан тым көне қорған ашылып, оның атақты *көнешұңқыр мәдениетіне* жататыны анықталған. Оның жанындағы Сатан төбешігіндегі қорымдардан қола дәуіріндегі *ерте андронов сатысының* арбалы (колесница) жауынгерлері жерленген тым сирек кездесетін бірегей ескерткіштері зерттеліп, б.з.д. II-мыңжылдықтың басымен мерзімделген болатын. Талды стансасының маңындағы Нұртай қорымынан құнды деректер алынып, олардың ғылыми маңызының жоғары болғандығы сон-



ша, осы ерте андронов сатысының Орталық Қазақстандағы нұсқасы археология ғылымында *Нұртай мәдениеті* деп аталды. Бұл болса - өте кең ауқымдағы еуразиялық андронов мәдениетінің ерте сатысының Орталық Қазақстандағы қайнар көздерінің бірі осы Талды бойынан бастау алғандығын көрсетеді. Қызылкеніш алқабында зерттеліп отырған атақты Кент қонысы - соңғы қола сатысында гүлденген *Беғазы-Дәндібай мәдениеті*нің (б.з.д. 13-9 ғ.) аса ірі жәдігерлерінің бірі. Аумағы 30 га жерді алып жатқан бұл қоныс Қазақстан жеріндегі қола дәуірі қоныстарының ең үлкені, мұны қазіргі ғалымдар протокала типтес қоныс санатына енгізді. Осы Талды бойындағы Кенттің бір шоқысы Доңғал деп аталады, ал осы тұстан зерттелген көне қоныс деректері бойынша Орталық Қазақстанның қола дәуірі мен ерте темір дәуірінің арасын алып жатқан өтпелі кезеңді ғалымдар *доңғал кезеңі* (б.з.д. 9-8 ғ.) деп атады.

Тым қысқаша қайырылып отырған бұл мәліметтер Талды өңірінің тым ерте замандардан ақ қонысқа құт, берекелі жер болғандығын айғақтайды. Аталған ескерткіштер бертінде ашылды, бірақ, бір ғажабы, қазақ археологиясының атасы ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан 1950-жылдары Талдыны көне ескерткіштердің айрықша шоғыры жинақталған өлке деп бағалаған екен. Бұған қарағанда, ғалым осы өлкеден ашылатын келешектегі соны жаңалықтарды сол кезде-ақ ойша түспалдаған сияқты.

Ерте темір немесе сақ дәуіріндегі құпияларын Талды соңғы жылдары алдыға тартып отыр.

Қола дәуірінен бастап, ғұн дәуіріне дейінгі ескерткіштер шоғырланған Талды-2 қорымының орта тұсын сақ заманының 7 үлкен қорғаны алып жатыр. Диаметрлері 30-65 м, биіктіктері 2-3,5 м. Бұл жәдігерлер Қарағанды облысы бойынша аймақтық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттелді.

Өкінішке орай, Талдыдағы қорғандар көне дәуірдің өзінде-ақ қатты тоналған. Аса құнды антропологиялық деректерді беретін сүйектердің өзі көбінде сақталмаған (асығыс жүргізілетін тонау барысында олар бей-берекет сыртқа лақтырылады), заттық мәдениеттің мазмұны мен деңгейінен хабар беретін бұйымдардың негізгісі алынып кеткен, көнедегі архитектура мен құрылыс тәсілдерінен тамаша ақпарат беретін қорғандардың ішкі бөліктері қатты қирап-бұзылған.

7 қорғанның 6-ы жерлеу орындары. Енді біреуі - №7 қорған - жерлеу орны емес, осы әулеттің ас

беріп, діни рәсім өткізетін ғұрыптық құрылысы болып шықты. Осы себепті бұл қорғанның ішіне тас мүсін салынған. Айта кету керек, Орталық Қазақстан сақтарының тас мүсіндері деген тақырып ғылымда мүлдем белгісіз, бұрын-соңды көтерілмеген мәселе. Сондықтан бұл егжей-тегжейлі зерттеулер мен салыстыруларды қажет ететін мәселе.

Аталып отырған көрнекті бұйымдарды ғана емес, басқа да маңызды деректерді беріп отырған, ең алдымен, №5, №2 қорғандар.

Мұндағы алтын заттар - сақ билеушілері киген салтанатты киімнің әшекейлері. Бұйымдар арасында кісе белдіктің қапсырмалары мен оған ілінген португепя қайыстарға кигізілген әшекейлер мен түрлі тығырықтар, көптеген ілдіргі-салпыншақтар, қару тағылған қайыстар мен киімнің әр жеріне тағылған жапсырмалар бар. Мыңдаған өте ұсақ түйіршікті әшекейлер шалбар балақтары мен камзолдың өңір-жеңдерін зерлеген бұйымдарға жатады.

Аса көрнекті қазақ ғалымы, археолог, Есік «Алтын адамы» жаңғыртпасының авторы Кемел Ақышев айтпақшы, «алтын - жылы металл, онда Күннің қасиеті бар».

От Анаға, Күнге табынған сақтар алтынды аса қастерлеген. Одан жасалған бұйымдарды киімге тағудың қатаң тәртібі болған, тіпті қатардағы тұлғалар ғана емес, төменгі деңгейдегі басшылар да мұндай құрметке ие болмаған.

Алтын - тек сақ патшаларының сыбағасы. «Алтын қорғандардың» жалпы өте сирек кездесетіні, міне, осыдан. «Күн нұрынан жаралған» сақ патшасының өне бойы алтын! Ол арнайы жиындарда, Ұлыстың ұлы күндерінде, Наурыз мейрамында жұрт алдына шыққанда боданына тірі Күн болып көрінген!

Күн тұтылса, яғни ол жоғалып, көрінбей қалса ұлы қасірет болады, ел төңкеріледі. Сол сияқты, сақ патшасы өлсе де ел тұтылады. Оған үлкен оба-қорған тұрғызылып, сауын айтылады, алыс-жақыннан «жылағандар мен боздағандар» (түркі тас жазуының мәтелі) ағылады.

Ұлт мақтанышы Мағжан «мен Күнмін, Күннен тудым» деген! Бұл болса Ұлы Даланың көнеден жеткен дәстүрі болатын.

Патшаны Күнмен парапар салыстыру дәстүрі сақтар мен ғұндардан, олардың дүбірлі жорықтарынан Еуропаға жетті кезінде. Кейінгі француз патшасы Людовиктің «мен Күнмін» деген мәлімдемесі тарих бетінде сақталып қалды. Бірақ, Еуропада «Алтын қорғандар» жоқ...

Талдыдағы №5, №2 қорғандар қатты тонал-



Кісе белдік қансырмалары. №5 қорған



Қанжар қыны тағылған қайыстың бекіткіші.
№5 қорған



Таутеке бастарымен өрнектелген жапсырма.
№2 қорған





*Белдікке қосымша ілінген
қайыстарға өткізілген
қапсырмалар. №5 қорған*

ғандықтан, жан-жаққа шашырай кездескен аталмыш киім әшекейлерінің қалай, қай тұста жатқандығы анықталмады. Бірақ, бұл Қарқаралы сақ патшасы киімін қалпына келтіру ісіне бөгет болмайды деп сеніммен мәлімдей аламыз. Себебі, көне сақ киімінің қазіргі ғылымда анықталып отырған біршама толыққанды ойша үлгісі бар. «Алтын киімдерді» қалпына келтіру ісіне қатысы бар жер-жердегі үлкенді-кішілі табылымдардың бәрін түгендеп айтуды, сақ костюмін зерделеудің ғылымдағы жетістіктерін толық ашып беруді мақала көлемі көтермейді.

Бірақ, бүгінгінің ғалымдары *палеокостюмология* деп ат қойып отырған арнайы сала бар екенін, оның тек осы соңғы онжылдық көлемінде дүниеге келіп, жаңа ғана қалыптасып жатқанын айтуымыз керек. Бұл саланың дамуына тікелей үн қосып отырған бағыттардың аса маңыздыларының бірі, бұл - археология.

Талды деректеріне қатты ұқсас бір ескерткішті атауымыз қажет. Бұл - сонау қиырдағы Тыва жерінде зерттелген атақты Аржан-2 қорғаны.

Жалпы, Талдыдан табылған алтын бұйымдардың кейбірі Қазақстанның басқадай тұстарынан кездескен үлгілерге ұқсас, мәселен Шығыс Қазақстандағы Шілікті қорғандарының заттарына нақты ұқсастық бар.

Сонымен қатар, ең қатты ұқсастық Аржан-2 қорғанына сай келеді. Әсіресе, №5 қорған Аржанға қатты жақын.

2000-2004 ж. Ресейлік Санкт-Петербург қала-

сының Константин Чугунов басқарған археологтары Германия ғалымдарымен бірлесе зерттеген Аржан-2 қорғаны көнені зерттеуде аса ірі жаңалық әкелді. Қадалып айта өтетін бір жайт - Аржан-2 қорғанының тонамай жеткендігі. Мұндағы 1 үлкен қорған астынан 18 адамның және 14 аттың жерлеуі ашылған болатын. Киім әшекейіне жататын сан мыңдаған алтын бұйыммен қатар, ондап табылған қола, ішінара темір заттардың арасында ат әбзелі мен қару түрлері болды.


Алыстағы Тываның Қазақстан сақтары мәдениетімен екі арадағы байланысы тақырыбы ғылымда бұрыннан айтылып келе жатқан мәселе. Оның өз тарихы бар.


1970-1971 жылдары Тывада Аржан-1 қорғаны зерттелді. Оның зерттеушісі аса көрнекті ресейлік ғалым, кезінде К.Ақышев, Ә.Оразбаев сынды қазақ археологтарының ғылыми жетекшісі болған танымал ғұлама Михаил Грязнов еді. Тыва ескерткіштерінің көне Қазақстанмен байланысы тақырыбы, міне, осы кезде көтерілді. Тағы бір аса ірі Ресей ғалымы Леонид Кызласов бұл байланыстар тақырыбына жаңа мән бере отырып, көне замандарда Қазақстан жерінен Тыва өлкелеріне қарай қоныс аударулар болған деген пікірді ұсынды.

Аржан-1 мен Аржан-2 - Тывадағы сақ дәуірінің алдыбел мәдениетінің жәдігерлері. Бұл мәдениеттің басқадай толып жатқан ескерткіштерін жете зерттеген Александр Грач та осы 1970-1980 жылдары алдыбел мәдениетінің заттай деректерінің Қазақстан сақтары мәдениетіне,



Тас мүсін. №7 қорған





Тывадағы Аржан-2 қорғанының бұйымдары

ең алдымен Орталық Қазақстанның тасмола мәдениетіне маңызды ұқсастықтары бар екендігін атап айтты.

1990-жылдардағы үзілістен кейін, міне, Аржан-2 қорғанының деректеріне, оның ішінде ат әбзелдеріне сүйене отырып ресейлік ғалымдар сақ заманындағы Қазақстан-Тыва байланысын тағы көтеріп отыр! Атап айтсақ, мұны қазір іргелі ғылымда тәптіштеп таратып отырған петерборлық ғалым К. Чугунов.

Бұған бүгінгі таңда енді Талды-2 қорымы деректерін қосатын болсақ, аталып отырған ғылыми проблеманың қаншалықты маңызды екенін тағы да аңдаймыз.

Жаңа ашылып отырған Талды-2 қорымы Орталық Қазақстан сақтарының тасмола мәдениетіне жатады. Бұл мәдениетті ғылымда ашып, таратқан қазақ археологы Мир Қадырбаев болатын. Оның деректері 1960-жылдары тарқатылды. Осы жылдары М. Қадырбаев Қазақстан сақтары мәдениетінің, оның ішінде осы тасмола мәдениетінің көне Алтай өлкелері мәдениетімен

етене жақын екендігін дәлелдеп өтті.

Сонымен, бүгінгі заманауи деректеріміз, біріншіден, Алтай ғана емес, сонау қиырдағы Тыва жерінің алып сақ әлемінің бір пұшпағы екенін дәлелдеп отыр. Екіншіден, бұл құдыретті әлемнің, көлемі жағынан зор, алпауыт кеңістіктің орталығы қазіргі Қазақ даласы болып табылатындығы мәлім болуда.

Дұрысында Талды Аржанға емес, Аржан Талдыға жақын деуіміз керек.

Көне сақ патшасы жерленген Аржан-2 қорғаны - тоналмай жеткен жәдігер дедік. Көптеген арнайы мамандардың бірлесе қимылы арқасында осы Аржан-2 қорғанының деректері қазір жалпы сақ салтанатты киімінің бір үлгісіне айналып отыр. Бұдан басқа тоналған қорғандардан да түскен деректер жоқ емес. Осындай ұқсас материалды ғылыми тұрғыдан пайдалану бүгін кеңінен қолданылады.

Талдының деректерін ғылыми сараптамалар мен анықтаулардың тұтас легінен өткізу жуырда іске асады деп күтудеміз. Арнайы қаражат тез табылса, мұның үлкен жоспары да жасалып отыр.

Әрине, бұл тез арада іске асса, ғалымдардың үлкен тобын кірістіру арқылы қаншама таза ғылыми нәтижелерді алатын боламыз деп сенеміз.

Металдың сапасы мен мазмұны ғана емес, қай жерден алынғандығын да көрсете алатын алтын бұйымдардың сараптамасын алу, Герасимов лабораториясы ғалымдары арқылы сақтардың толық бет-бейнесін қалпына келтіру, молекулалық биология саласында жасалатын генетикалық зерттеулер, ұзақ ғылыми келісулер барысында патша киімін құрастыру мен жасау, жаратылыстану ғылымдарының тәсілдері бойынша қорғандардың уақытын нақтылау, т.б. көптеген шаралар атқарылуы тиіс.

Талды ескерткіштеріне байланысты басты нәтиже сол кезде айтылатын болады.

Талды-2 қорымындағы №5, №2 қорғандарда кімдер жерленген және олар қандай адамдар болған, бұл туралы қазір не айтамыз? Осы сауалға келейік.

Ғылым докторы, еліміздің аса көрнекті ғұламаларының бірі, антрополог профессор О.Ысмағұловтың тобы Талдыдан алынған антропологиялық деректерді әзірше үстірт қана қарап шықты. «Толыққанды зерттеулер барысында әлдеқайда мол нәтижелер аламыз, мыналар да нақтылануға тиіс» деген ескертуді бірнеше рет қадалып айтқан ғалымдар қазірдің өзінде өте құнды мәліметті алға тартып отыр дей аламыз.

Қысқаша, сараңдау тартылған есепке үңілсек,



№5 қорғанда жасы 30-35 шамасындағы ер адам жерленген. Антропологиялық деректер бұл адамның тірісінде «басы үлкендеу, мығым денелі, мойын, қол-аяқ мускулатурасы өте жақсы дамыған, тіршілік белсенділігі жоғары деңгейдегі» тұлға болғандығын дәлелдейді. Кейбір ерекшеліктеріне қарағанда, ішкі пропорциясы бойынша қол-аяқтың сол жақ сүйектері жақсырақ дамыған (кейде бұл солақайлыққа меңзейді). Тіршілік белсенділігінің кейбір қыр-сырын сақталған зақымдану орындары тұспалдайды. Мәселен, сол аяғы тізеден төмен тұсы сынып, өлерден көп бұрын жазылып кеткен, бірақ сүйек шамалы қысқарып біткен (мұндайда адам сәл сылтып басуы мүмкін). Сол жақтағы қабырғаның 4-і бір мезетте сынып, соңынан жазылған. Сол жақ жауырынның шеті әлденеден қиылып түскен (бұл ең алдымен кескіш қарудың соққысынан болуы мүмкін, арт жақтан жоғарыдан төмен қатты сермелген семсердің ұшы етті тіліп барып, сүйекті қырыққан деп болжамдауға болады). Бұл жарақаттар әртүрлі уақытта орын алған сияқты. Бас ерекшеліктерінің өзіне тән біршама құпиялары бар. Алдын-ала жасалған өлшемдер бастың төбе тұсында тірісінде орын алған өзгерістерді көрсетіп отыр. Атап айтқанда, бастың жоғары төбеге өтер тұстары қусырылған, мәселен, маңдайы, самайдың, шүйденің жоғарғы шеткі тұстары. Және де бұл туа біткен өзгерістер де, арнайы сақиналы деформация (бұл көнеде жиі қолданылған, әсіресе ғұндарда кеңінен кездескен тәсіл) нәтижелері де емес, «ұзақ уақыт барысында басты қысып тұрған басқа бір таңғыштардың немесе баскиімнің әсеріне» ұқсайды.

Сөз жоқ, бұл ауыр металл дулыға болуы мүмкін дей аламыз біз!

Қарақұсында диаметрі 14,7 мм бір тесік бар, мұның адам өлгеннен соң арнайы жасалғандығы анықталды. Трепанация деп аталатын мұндай тесіктер бұрыннан жиі кездеседі, бұл бальзамдау үшін қолданылған тәсіл.

№2 қорғанда 2 адам жерленген. Әйел мен еркек, екеуінің де жасы 50-55 шамасында. Мұндағы, әсіресе ер адамның басының ерекшеліктері №5 қорғандағы деректерге ұқсас болып шықты. Де-

мек, ол да ұзақ уақыт дулыға киюі мүмкін. Сақ дәуірі үшін 55 деген нақты кәрі адамдардың жасы, ол кезде адам өмірі жалпы ұзақ болмаған. Бұл - ғылыми факт. Ғалымдар ұсынып отырған мәліметтер, бір қызығы, бұл екі адамның сүйек тәні сапалы екендігін, қартая келе орын алатын әдеттегі өзгерістерге азырақ ұшырағанын көрсетеді. Нақты айтқанда, көп жұқармаған, осалданбаған. Бұл болса, олардың тірісінде біршама жақсы өмір сүргенін, мол ғана емес, сапалы тағамдарды ішкенін аңғартады. Сонымен қатар, тағы да олардың тіршіліктегі белсенділігінің деңгейі жоғары болғандығын көрсетеді. Ғылымның аты ғылым! Жатыпшіер, можантопайлардың емес, көп қимылдайтын ширақтардың ағзасы сау болатынын осынау көне дәуір деректері де көрсете алады.

Сонымен, Талды-2 қорымының Орталық Қазақстан сақтарының бір патша әулеті жерленген орын екендігіне барған сайын көзіміз жетіп отыр.

№2 қорған - бұл қорымдағы диаметрі 60 м асатын ең үлкен құрылыс. Мұндағы жерленген 2 адам ерлі-зайыптылар болуы, ал №5 қорғанда жерленген еркек олардың ұлы болуы әбден мүмкін.

Талды өзені бойынан әулеттік қорым таңдаған осы бір адамдар шетінен жауынгер тұлғалар болған сияқты. Сақ патшалары ең алдымен өжет, шалт қимылды, жауынгер болғандығы ғылымда бар нәрсе (күрметті оқырман бертінгі Хақназар мен Тәуекелдің, Қасым мен Тәукенің, Жәңгір мен Абылайдың ең алдымен ерлігі асқан жауынгер болғандығын білуге тиіс). №5 қорғанда жерленген билеуші өмірінде бірнеше рет шайқаста қатты жараланған. Аяғы атымен қоса жығылғанда сынуы, кеудедегі 4 қабырғасы шоқпардың ауыр соққысынан күйреуі, жауырыны семсермен шабылуы әбден мүмкін. Бұл адам да, оның әкесі болуы мүмкін деп отырған №2 қорғанда жерленген адам да ұзақ уақыт бойы «әлдебір тар баскиім», яғни ауыр дулыға киген. Олар жақсы, сапалы тағам ішкен. Осыларды тізе келе ғылыми жорамал да шығады. Бұлар - сақ патшасының әулеті, әрі өжет жауынгерлер мен шабандоздар! Талды-2 - Сарыарқа сақтарының патша қорымы.

Найденный в Каркалы, если быть точнее в местности Талды, "золотой корган" стал буквально сенсационной новостью, которая взбудоражила весь народ. о «золотом коргане» упомянул известный археолог А.Бейсенов.

сумма

гу

Found in Karkaly, if to be more exact in district Talldy, "золотой корган" became literally sensational news which has excited all people. About «золотой корган» known archeologist A.Bejsenov has mentioned.